

САЯСАТ

"Жақсы жұмыс істеуге тырыстым. Бағасын халық берсін". Асқар Ақаевпен сұхбат

Азаттық радиосы

25 маусым 2026 жыл, 08:29



Aibek Abdylidaev (RFE/RL)

Қырғызстанның бірінші президенті Асқар Ақаев (оң жақта) Азаттықтың Қырғыз қызметінің журналисі Айбек Абдылдаевқа сұхбат беріп отыр.

Қырғызстанның бірінші президенті Асқар Ақаев ұзақ уақыттан бері алғаш рет Ыстықкөл халықаралық форумында сөз сөйледі. Оның мәлімдемелері қоғамда қызу талқыланды. Азаттықтың Қырғыз қызметіне берген [сұхбатында](#) Ақаев саяси мұрасы, сыбайлас жемқорлық, Құмтөр, отбасының үкіметке ықпалы және Садыр Жапаровтың екінші мерзімге президенттікке сайлануын қолдауы жайлы сұрақтарға жауап берді.

Азаттық: Сіз Ыстықкөл форумында күтпеген жерден пайда болдыңыз. Шақырылғандар тізімінде болған жоқсыз ғой.

Асқар Ақаев: Бұл сұрақты маған емес, форум ұйымдастырушыларына қойған жөн. Таңертең маған мемлекеттік хатшы Арслан Қойчуев телефон шалып: "Біз Ыстықкөлде Шыңғыс Айтматов форумын өткізіп жатырмыз. 40 жылдық. Сіз бірінші форумға қатысқан едіңіз. Келе аласыз ба?" деп сұрады. Мен жұмыстан сұранып, билет сатып алдым да, сол түні ұшып келдім және келесі күні таңертең жиынға қатыстым. Форумның тақырыбы бойынша сөз сөйледім.

Азаттық: Сіздің ондағы баяндамаңыз емес, басқа сөздеріңіз, әсіресе журналистерге берген жауаптарыңыз қатты сынға қалды. "Жақсылап сұрасандар, келемін [елге ораламын]" дедіңіз.

Асқар Ақаев: Енді бұл жай ғана әзіл болатын. Қырғызда жақсы мақал бар емес пе: "Шақырған жерден қалма, шақырмаса барма" деген. Сондықтан, мені шақырған соң келдім.

Асқар Ақаев – Қырғыз Республикасының бірінші президенті, ол елді 1990 жылдан 2005 жылға дейін басқарды. Саясатқа араласқанға дейін белгілі физик әрі Қырғыз Ғылым академиясының президенті болды. 2005 жылдың наурыз айында, "Қызғалдақ революциясы" кезінде биліктен тайдырылған Ақаев Ресейге қашып барды, Мәскеу мемлекеттік университетінде ғылыми қызметін жалғастырды. Биліктен кетірілгеннен кейін ол көп уақыт бойы Қырғызстанға барған жоқ, бірақ 2021 жылы Құмтөр алтын кенішін игеруге байланысты қылмыстық істің тергеу амалдарына қатысу үшін алғаш рет Бішкекке оралды.

Азаттық: Қырғызстан президент сайлауы қарсаңында тұр. Сіздің тағы бір сөзіңіз қоғамда дау тудырды. "Қырғызстанның қазіргі экономикалық кереметі іске асуы үшін" қазіргі президентке тағы бір мерзім беру керек дедіңіз. 10 жыл жайлы әңгіме айттыңыз. Бұл Конституцияға қайшы емес пе?

Асқар Ақаев: Ол негізі былай. Біріншіден, Қырғызстанда сирек кездесетін жақсы бір ахуал қалыптасып отыр. Биыл тарихи оқиға болды: Қырғызстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне екі жылға сайланды. Бұл ірі тарихи жетістік. Мысалы, дамыған ел Германия биыл Қауіпсіздік Кеңесіне кіре алмады, ал Қырғызстан көпшілік дауыспен сайланды. Бұл үлкен жетістік.

Сосын, кейінгі жылдары экономика өсіп-өне бастады. Кейінгі үш жылдағы өсу қарқыны 10 пайызға жуықтады. Мұндай қарқын мен өсім Орталық Азияда да, Еуразияда да болған жоқ. Егер экономика 8-10 жыл ішінде 8-10 пайызға өссе, бұл экономикалық кереметке айналатыны әлемдік тәжірибеден белгілі. XX ғасырда мұндай кереметке тек Азияның бес елі қол жеткізген: Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия және кейінгі 30 жылда Қытай.

Сондықтан айтарым: үш жыл бойы өсім 10 пайыз болды, ал биыл төртінші жыл, болжам бойынша, шамамен 10 пайыз болмақ. Егер Садыр Нұрғожаұлы Конституция мен заңда көзделгендей екінші мерзімге қайта сайланса, ол тағы бес жыл қызмет атқара алады. Есептеп көріңіз: төрт жыл 10 пайыздық өсімге қол жеткізілді; тағы бес жыл болса он жылға жуықтайды, мен соны айттым, заңды, конституциялық екінші мерзімге еліміз сайласа, жақсы болар еді деп. Бәлкім, осы қырғыз экономикалық кереметі қалыптасса, қырғыз халқының игілігі болар еді дегем. Мен жеке өзімнің емес, қырғыз халқының мүддесі туралы айттым. Конституцияны бұзуға немесе үшінші мерзімге сайлауға түсуге шақырған жоқпын. Оны басқа адамдар ойдан шығарып жатыр.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Ақаев Жапаровты билікте тағы 10 жылға қалдыруды ұсынды

Азаттық: Ел басшылығымен кездестіңіз бе?

Асқар Ақаев: Кездестім, форумға қатысушылармен бірге жолықтым.

Азаттық: Қырғызстанға әр келгеніңіз қызу пікірталас тудырады. Адамдар моральдық жауапкершілік жайлы айтады. Сіз билікте болған кезде қалыптасқан сыбайлас жемқорлық және басқару жүйесі туралы сөз болады. Бұған байланысты не дейсіз?

Асқар Ақаев: Енді мен бір сұрақ қойғым келеді. Коррупциядан ада мемлекет бар ма? Ондай мемлекет жоқ. Кейбірі онымен сәтті күреседі, кейбірі нашар күресіп жатыр. Біз де онымен күрестік. Сыбайлас жемқорлық болған жоқ деп айта алмаймын – болған. Ол жөнінде президент болған кезімде де айтқанмын. Жұртқа: "Иә, коррупция бар, біз онымен күресіп жатырмыз, кейде жеңіп, табысқа жетіп жатырмыз, бірақ көбіне олай емес", дейтінмін. Халық мұны жақсы біледі. Бұған алып-қосарым жоқ.

Азаттық: Сіз 1990-жылдары билікке келген кезде қоғамда ұлттық сана күрт өсіп жатқан еді. Сол кезде билік неге осы серпінді сақтап қала алмады деген сұрақ үнемі қойылады.

Асқар Ақаев: Біз Ұлттық жаңғыру бағдарламасын айтарлықтай жақсы жүзеге асырдық. 1995 жылы БҰҰ қарары бойынша біз "Манас" эпосының 1000 жылдығын

атап өттік. Бұл ұлт рухын көтерді. Біз Ош қаласының 3000 жылдығын және қырғыз мемлекеттілігінің 2200 жылдығын атап өттік.

Ұлттық жаңғыру бағдарламасын сәтті жүзеге асырдық деп есептеймін. 1997 жылы Шыңғыс Айтматовтың қатысуымен екінші форум өткіздік. Бастамашылар қатарында [Михаил] Горбачев болды, Түркия президенті Сүлеймен Демирел келді. Одан да көп нәрсе істеуге болар ма еді, бірақ біз жақсы күш жұмсадық деп ойлаймын.

Азаттық: Екінші жағынан, бұл қиын экономикалық кезең болды, көші-қон күшейіп, оның әлеуметтік кері салдары пайда болды. Қырғызстан әлі күнге дейін олардан арыла алған жоқ. Егер мемлекет тиімдірек басқарылғанда, мұның алдын алуға болар ма еді?

Асқар Ақаев: Жоқ, ол мүмкін емес еді. 1990-жылдар ауыр кезең болды. Бүкіл постсоветтік кеңістікте де солай болды. Көрші елдерден – Тәжікстаннан, Өзбекстаннан – миллиондаған адам жұмыс іздеп шетке кетті. Мұнайдың арқасында қазақтар азырақ болды. Бұрынғы советтік республикалардың бәрінен жұрт жұмыс іздеп Ресейге ағылды. Мен билікте болған алғашқы 15 жылда миграция сөзсіз болды. Бірақ миграцияның негізгі толқыны менен кейін болған. Оны статистикадан көре аласыз.



Азаттық: Сіз егер екі президенттік мерзімнен кейін билікті өткізіп бергенімде тарих қалай өрбитін еді деп ойлайсыз ба?

Асқар Ақаев: Оның бәрі өтті-кетті ғой. Қайталап айтайын: мен үшінші мерзімге [президенттік сайлауға] түскенімде биліктен айрылмауды көздеген жоқпын. 1990-жылдары Қырғызстан ең қиын кезеңді бастан өткерді, бірақ біз көршілерімізден

қалған жоқпыз. Реформалар жүргіздік және олардың нәтижелері Қазақстан мен Өзбекстандағыдан кем болған жоқ. Сом (қырғыз валютасы) жақсы жұмыс істеді. Бірақ тұрақты дамуға мүмкіндік болған жоқ. Көптеген ел үшін де солай болды. Кейінірек Қазақстан дария болып аққан мұнайдың арқасында озып кетті.

Үшінші мерзімге сайлауға түскендегі мақсатым – Қырғызстанның он жылдық даму бағдарламасын қабылдау, оған инвесторлар табу және оны жүзеге асыруды бастау болатын. 2001 жылы Дүниежүзілік банктің президенті елге келіп, 2010 жылға дейінге кезеңге арналған бағдарламаны таныстырды; инвестициялар қамтамасыз етілді, халықаралық донорлармен келісімдер жасалды. Мен осы он жылдық бағдарламаны іске қосқым келді, ал 2004 жылы өз міндетім орындалды дедім.

Бірақ 2005 жылғы наурыздағы революция оның жүзеге асуына кедергі келтірді. Тек осы себеппен мен үшінші мерзімге сайлауға түскен едім. Менде өмір бойы президент болып қалу жайлы ой-ниет ешқашан болмаған. 2004 жылы бұл менің соңғы мерзімім болатынын және 2005 жылы билік конституциялық сайлау арқылы ауысатынын ашық мәлімдедім. Бірақ оған дейін төңкеріс болды.

Азаттық: Бірақ соның алдында парламент сайлауы өтті ғой. Бәлкім, ұлыңыз бен қызыңыздың сайлауға қатысуы революцияға қозғау салған соңғы себеп болған шығар?

Асқар Ақаев: Егер өзім қызметтен кетіп жатқаннан кейін балаларым парламентке өтсе, одан қандай жамандық болады екен? Мен [биліктен] кететінімді алдында, 2004 жылы жариялағам. Әсіресе қызым жайлы ерекше айтқым келеді. Қызым (Бермет Ақаева – ред.) Қырғызстан үшін көп қызмет жасады. Швейцарияда халықаралық ұйымдарда жұмыс істеген кезде ол Қырғызстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне үлес қосты. Ол сол шаруада шешуші рөл атқарды. Ол көптеген еуропалық тілдерді біледі.

Азаттық: Бірақ туыстарын билікке қойғаны үшін сынға ұшыраған Орталық Азияның басқа да көшбасшылары – Назарбаев, Каримов пен Рахмон да осылай деп түсіндіреді. Қазір осы мәселеге қалай қарайсыз?

Асқар Ақаев: Мен түсіндіріп жатырмын ғой: балаларым менің кезімде ешқандай мемлекеттік құрылымдарды басқарған жоқ. Ұлым Қаржы министрлігіне министрдің кеңесшісі ретінде көмектесті. Ол Вашингтонда халықаралық қаржы мамандығы бойынша білім алып, Қырғызстанның сыртқы қарыздарын кешіру бойынша мәселелермен айналысты. Жұрт ұлым жайлы үнемі сұрақ қоя береді. Енді аздап болсын Құдайға қарасандар болады ғой. Ұлымды айта бермесендер жөн

болар еді. Одан айырылғанымга жеті жыл болды (Айдар Ақаев 2020 жылғы 5 ақпанда Мәскеуде 43 жасында қайтыс болды – ред.).



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Қырғызстан экс-президент Асқар Ақаевқа "Құмтөр ісі" бойынша тағылған айыпты алып тастады

Азаттық: Сіз Құмтөр ісі бойынша куәлік бердіңіз. Құмтөр туралы қазіргі пікіріңіз қандай? Бұл сіздің жұмысыңыздағы сынға ең көп ұшыраған аспектілердің бірі.

Асқар Ақаев: Құмтөр – ең үлкен жетістіктерімнің бірі. Неліктен бұл жобаны қолға алдым? 1990-жылдары алтын өте арзан болды. Тексеріп көріңіз: алтынның бір унциясы 300-400 доллар тұратын. Қазір оның бағасы бес мың долларға жуық. Егер қателесем, мені сынап беріңіз. Сондықтан сол кезде Батыстың ешбір компаниясы алтын өндірумен айналысуға құлық танытпады.

Бізге алтын не үшін қажет болды? Біз ұлттық валюта – сомды енгіздік. Оны қолдау қажет болды. Валюта алтынмен, мұнаймен немесе газбен қамтамасыз етіледі. Көршілерімізде мұнай мен газ бар, ал бізде жоқ. Сондықтан менің мақсатым пайда табу емес, сомды қолдау үшін алтын өндіру болды. Ұлттық банкте алтын жинау керек болды. Әйтпесе сом құнсызданар еді. Құмтөрдің арқасында сом тұрақты валютаға айналды. Алтынмен қамтамасыз етілгендіктен ол қазір де тұрақты болып отыр.

Азаттық: Қырғызстанның жобадағы үлесі туралы сұрақтар болды...

Асқар Ақаев: Ол кезде мемлекеттің тіпті жалақы мен зейнетақыға жететін ақшасы болмады. Қазір олар: "Біз алтынды өзіміз өндіре алар едік" дейді. Бірақ ол үшін технология қажет болды. Канадалық компания ең озық технологияларды әкелді. Ол Дүниежүзілік банктен 500 миллион доллар несие алды. Қырғызстан сол кезде өз бетінше мұндай компания құра алмас еді. Бізге ондай ақша мен технологияны ешкім бермес еді.

Алтынның бағасы 2006 жылдан кейін, Бакиев пен Отынбаеваның тұсында күрт өсе бастады. Қазір Құмтөр Қырғызстан экономикасында үлкен рөл атқарады. Бірақ жұрт көбіне соны есептемей, бірден кінәлай бастайды. Ал бәрін есептеу керек. Сонымен қатар, алтын – базарға алып шығып, сата беретін картоп емес. Алтынды

сату үшін халықаралық биржаға шығу керек. Біз мұны 2003 жылы жасадық. Сол үшін бізге сын айтады, бірақ алтынды биржаға шығармай сату мүмкін емес.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

"Мен үшін сюрприз болды". Асқар Ақаев экс-президенттердің Жапаровпен кездесуі туралы

Азаттық: Бістықкөл форумына оралайық. Қырық жыл бұрын әлем екі лагерьге бөлінетін, Совет одағында митингілер өтіп жатты, ұлттық бірегейлік пен тіл мәселелері көтерілді. Әлем жаңа қиындықтарға кезікті. Қазір де маза жоқ: Таяу Шығыстағы қақтығыс, Ресейдің Украинаға қарсы соғысы бесінші жылға жалғасып жатыр және жаңа технологиялармен байланысты қауіптер пайда болды. Баяндамаңызда Айтматовтың "Кассандра таңбасы" романын атап өттіңіз. Сіз үшін қазіргі ең өзекті жаһандық мәселе не?

Асқар Ақаев: Атом бомбасы қауіпіне халықаралық қауымдастықтың бойы үйреніп қалған тәрізді. 1980-жылдары Екінші дүниежүзілік соғысты бастан өткерген адамдар әлі де көп еді. Шыңғыс Айтматовтың өзі бала кезінде оны бастан кешірді. Сондықтан ол бұл мәселені көтерді. Қазір ол қорқыныш жоқ. Сондықтан тіпті көшбасшылар да: "Ядролық қаруды ертең болсын қолдана аламыз" деп айтып жүр. Ал ол тактикалық бомбалар 1945 жылы Хиросима мен Нагасакиді жойған екі бомбадан да үлкен.

Жасанды интеллектіге келсек, біз математикалық модельдерді зерттеумен айналысамыз. Бірақ біздің философиямыз – жасанды интеллект адаммен үйлесімді жұмыс істеп, оған бағынуға тиіс. Егер осы мақсатты берік ұстансақ, ешқандай зиян келмейді. Әйтпесе, жасанды интеллект атом бомбасынан да артық залал келтіруі ықтимал. Айтматов жазғандай, адамдар мәңгүртке айналуы мүмкін.

Азаттық: Яғни ондай қауіп жақындап келе жатыр деп ойлайсыз ба?

Асқар Ақаев: Иә. АҚШ-та жасанды интеллект әскери мақсатта қолданылатын салалар бар. Сонымен қатар, әрқайсымыз гаджет ұстап жүрміз. Солар арқылы адамдарды бақылап, олардың не істеп, не айтқанын білуге болады. Бұл өте үлкен қауіп. Айтматов "Кассандра таңбасында" мұны жасанды түрде жаратылған адамның мәселесі ретінде қарастырды, ал қазір ол жасанды интеллект ретінде көрініп отыр.

Айтматовтың Ыстықкөл форумунда әлемдік деңгейдегі адамдарды көрдім. Олар жаһандық мәселелерді көтеріп, оларды әлемдегі көшбасшылардың назарына жеткізді. Форумға жазушы Артур Миллер, футуролог Элвин Тоффлер және тағы 18 танымал зиялы тұлға қатысты. Зиялы қауымның бұл форумы жалғасуы керек деп есептеймін.

Жалғыз өкінішім бар – Шыңғыс Айтматов Нобель сыйлығына лайық болса да, ешқашан алған жоқ. Біз швед академиктерімен және дипломаттарымен сөйлестік. Швеция академиясында Айтматовтың шығармашылығы туралы бір сағаттық баяндама жасадым, содан кейін үш сағаттық талқылау болды. Бірақ олар бізге: "Ол билікке қатты сіңісіп кеткен" деді. Егер Айтматов Нобель сыйлығын алғанда, бұл форумды жалғастыру оңайырақ болар еді. Бірақ қазір де оның беделі өте зор. Біздің заманымыздың ең үлкен қателігі – адамдар бір-біріне құлақ асудан қалды. Диалог жоқ.

Азаттық: Тарихта даулы мұрасы бар саясаткерлер көп. Сіздің саяси мұраңыз да даулы. Сіз [Қырғызстанға] келген әр жолы жауапкершілік пен моральдық жауапкершілік мәселелері көтеріледі.

Асқар Ақаев: Білесіз бе, мен, ең әуелі, ғалыммын. 1990 жылы президент болам деген жоспарым болған жоқ. Ғылым академиясының президенті болдым. Бірақ жағдай өзгерді: Совет одағы ыдырады, Қырғыз Республикасы пайда болды, ал халық мені сайлады. Мен бүкіл білімім мен күш-жігерімді қырғыз халқына қызмет етуге арнадым. Жетістіктер де, қателіктер де болды деп ойлаймын – бұл рас. Бірақ мен халқыма адал қызмет еттім. Он бес жыл бойы күндіз-түні жұмыс істедім.

1990-жылдар жұрттың бәріне өте қиын уақыт болды. Сондықтан, меніңше, Қырғызстан сол кезде мүлде мешеу күйге түсті немесе нашар жағдайда қалды деп айту негізсіз. Біз көптеген реформалар бойынша үлгілі республика болдық. Ұлттық валютаны енгізу тәжірибемізді көршілеріміз бізден алды. Жер реформасы тәжірибемізді де солай қабылдады. Аймақтағы өзге елдер бізден 15-20 жылдан кейін, біздің тәжірибемізге сүйене отырып, Дүниежүзілік сауда ұйымына кірді. Мен барымды салып, жақсы жұмыс істеуге тырыстым. Ал бағасын халық өзі берсін.

Азаттық: Мемуар жазасыз ба?

Асқар Ақаев: Қазір естелік жазуға мүмкіндігім жоқ. Қазір Мәскеу университетінде профессор болып жұмыс істеймін. Зейнетақы алмаймын, әлеуметтік қолдауым жоқ. Сондықтан университетте профессор болып толығымен өз бетімше жұмыс істеймін. Аспиранттарым, докторанттарым және ғылыми жұмыстарым бар.

Сондықтан өткен-кеткенді еске алып жазуға уақытым жоқ. Мен мынадай курортта тұрмаймын. Осының бәрін еске алып, жаңа өзің айтқандай, жинақтап шығарғанға менде мүмкіндік жоқ.

(Асқар Ақаевтан Азаттықтың Қырғыз қызметінің журналисі Айбек Абдылдаев алған сұхбаттың толық нұсқасын [видеодан](#) көре аласыз)

Айдар

ЖАЛПЫ АРХИВ

САЯСАТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

БАС ТАҚЫРЫПТАР